

**2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке азаматтардың кезекті шақырылуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 30 наурыздағы N 68 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Жарма аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 09 сәуірде N 5-10-128 тіркелді. Күші жойылды - Жарма ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 20 мамырдағы N 115 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Жарма ауданы әкімдігінің 20.05.2013 N 115 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңының 27, 28, 31 баптарына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылдың 1 наурыздағы № 274 «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы» Жарлығына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 326 «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығын іске асыру туралы» қаулысына сәйкес, Жарма ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтар 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыру

ө т к і з і л с і н .

2. Аудандық шақыру комиссиясының құрамы 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Аумақтық бірлік әкімдері әскерге шақырылушыларды ауданның қорғаныс істері жөніндегі бөліміне шақырылғандығы туралы хабарландырсын және дер кезінде келуін ұйымдастырсын.

5. «Жарма ауданы бойынша № 1 медицина бірлестігі» ҚКМК директоры (Т. Брынзоваға) ұсынылсын:

1) медициналық куәландыруды өткізу үшін қажетті мөлшерде дәрігерлер мен орта буын медициналық қызметкерлерін бөлу;

2) қосымша тексерілу үшін жатып емделетін, емдеу-сауықтыру мекемелерінде бос орындар ұстау;

3) мерзімді әскери қызметке шақыру өткеннен кейін, емдеуді қажет ететін әскерге шақырылушылардың тізімін және қай емдеу мекемелеріне тіркелгені туралы мәліметтерді беру.

6. Жарма ауданының ішкі істер бөлімінің бастығына (Н. Түгеловке) ұсынылсын:

1) шақыру медициналық комиссиясының жұмысы кезінде тәртіпті сақтау үшін полиция нарядын бөлу;

2) бұрын сотталған немесе жазасын өтеп жүрген, қоғамға жат әрекеттері мен қылмыстары үшін тергеуде жүрген, тіркелуге тиісті азаматтар туралы қорғаныс істері жөніндегі бөлімге хабарлау.

7. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Брынзовқа жүктелсін.

8. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жарма ауданының әкімі *Т. Қасымжанов*

Келісілді:

Жарма ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы *Ғ. Дайрабаев*

*30.03.2012 ж.*

Жарма ауданының ішкі істер бөлімінің бастығы *Н. Түгелов*

*30.03.2012 ж.*

«Жарма ауданы бойынша № 1 медицина бірлестігі» ҚКМК директоры *Т. Брынзова*

30.03.2012 ж.

Жарма  
2012  
№  
1 қосымша

ауданы  
жылғы  
30  
68

әкімдігінің  
наурыздағы  
қаулысына

### Аудандық шақыру комиссияның құрамы

Брынзов Сергей Михайлович	Жарма ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы
Ғалымсерік Битемірұлы Дайрабаев	Жарма ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, комиссия төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
Комиссия мүшелері:	
Болатбек Өзбекұлы Тоқтағанов	Жарма ауданының ішкі істер бөлімінің бастығының орынбасары (келісім бойынша)
Шайза Рафағатқызы Даирова	Жарма ауданы бойынша № 1 медицина бірлестігінің дәрігері (келісім бойынша)
Айжан Қасымбайқызы Ахметова	Жарма ауданы бойынша № 1 медицина бірлестігінің медбикесі, комиссия хатшысы (келісім бойынша)

Жарма  
2012  
№  
2 қосымша

ауданы  
жылғы  
30  
68

әкімдігінің  
наурыздағы  
қаулысына

### Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу кестесі

№ р/с	Аумақтық бірліктер атауы	барлығы	02.10.2012, 3.04.2012	03.10.2012, 04.04.2012	04.10.2012, 05.04.2012	05.10.2012, 06.04.2012	08.10.2012, 09.04.2012
1	Ауезов кенті	39				39	
2	Аршалы ауылдық округі	6				6	
3	Ақжал ауылдық округі	7			7		
4	Белтерек ауылдық округі	13			13		
5	Божығұр ауылдық округі	11					11
6	Бірлік ауылдық округі	19					19



2	Аршалы ауылдық округі	6					
3	Ақжал ауылдық округі	7					
4	Белтерек ауылдық округі	13					
5	Божығұр ауылдық округі	11					
6	Бірлік ауылдық округі	19					
7	Бірлікшіл ауылдық округі	11					
8	Делбегетей ауылдық округі	6					
9	Калбатау ауылдық округі	109					
10	Жайма ауылдық округі	7					
11	Жаңғызтобе кенті	26	24				
12	Жарма кенті	15					
13	Жарық ауылдық округі	20	20				
14	Қарасу ауылдық округі	12		12			
15	Қаратөбе ауылдық округі	14		14			
16	Қапанбұлақ ауылдық округі	10			10		
17	Қызылағаш ауылдық округі	10			10		
18	Суықбұлақ кенті	20			20		
19	Терістанбалы ауылдық округі	6	6				
20	Үшбик ауылдық округі	11		9	2		
21	Шалабай ауылдық округі	21			2	19	
22	Шар қаласы	102		15	6	31	60
	Барлығы:	495	50	50	50	50	50

жөніндегі бөлім бастығы

Жарма ауданының  
қорғаныс істері  
Ф. Дайрабаев

